



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ



Академик Т.Тәжібаевтың 106-жылдығына арналған жыл сайынғы «Тәжібаев оқулары» аясындағы «МӘҢГІЛІК ЕЛ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КУЙІ» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-методической конференции
«СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ
НАУКИ В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»,
проводимой в рамках ежегодных Тажнбаевских чтений и
посвященной 106-летию академика Т.Тажнбаева

International Scientific and Methodical Conference
"CURRENT STATE OF PSYCHOLOGICAL SCIENCE IN
KAZAKHSTAN IN CONDITIONS OF "MANGILIK EL"
Dedicated to 106th Anniversary of academician T.Tazhibaev
within a framework of the annual Tazhibaevs' readings

Алматы
23 ақпан, 2016 ж.

УДК 159.9(063)

ББК 88.1

М 36

Ұйымдастыру алкасы:

Төраза:

Мұтанов Г.М., техника ғылымдарының докторы, профессор, академик, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры

Төраза орынбасарлары:

Бүркітбаев М.М., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші проректоры, химия ғылымдарының докторы, профессор,

Рамазанов Т.С., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор

Ахмед-Заки Д.Ж., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу жұмысы жөніндегі проректоры, техника ғылымдарының докторы

Хикметов А.К., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры

Құмарғалиева С.Ш., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Әдістемелік бөлімінің басшысы

Масалимова А.Р., философия ғылымдарының докторы, профессор, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің деканы

Қалымбетова Э.К., психология ғылымдарының кандидаты, доцент, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының меңгерушісі

Ұйымдастыру алқасының мүшелері:

Әлқожаева Н.С., педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, деканның оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Мейрбаев Б.Б., философия ғылымдарының кандидаты, деканның ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыс жөніндегі орынбасары

Жарықбаев Қ.Б., пед.ғ.д., психол.ғ.д., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры

Түркен-ұлы Ж. пед.ғ.к., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры

Сейітнұр Ж.С., психол.ғ.к., ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі кафедра меңгерушісін орынбасары

Баймолдина Л.О., PhD докторы, доцент м.а., жалпы және этникалық психология кафедрасының аға оқытушысы, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі кафедра меңгерушісінің орынбасары

Жубаназарова Н.С., психол.ғ.к., доцент, философия және саясаттану факультетінің әдістемелік бюросының төрайымы

Аймағанбетова О.Х., психол.ғ.д., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры

Ахтаева Н.С., психол.ғ.д., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры

Бердібаева С.К., психол.ғ.д., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры

Дүйсенбеков Д.Д., психол.ғ.д., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры

Ким А.М., психол.ғ.д., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры

Тоқсанбаева Н.Қ., психол.ғ.д., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры

Ташимова Ф.С., психол.ғ.д., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессор м.а.

Жолдасова М.К., PhD докторы, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының доцент м.а.

Адилова Э.Т., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының аға оқытушысы

«МӘНГІЛІК ЕЛ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІ»: Академик Т.Тәжібаевтың 106-жылдығына арналған жыл сайынғы «Тәжібаев окулары» аясындағы атты халықар. ғыл.-әдіст.конф. материалдары = «СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ «МӘНГІЛІК ЕЛ», проводимой в рамках ежегодных Тажибаевских чтений и посвященной 106-летию академика Т.Тажибаева: мат. междунар. науч.-метод. конф. -Алматы: ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ, 2016 - 370б.- қазақша, орысша

ISBN 978-601-7795-50-4

УДК 159.9(063)
ББК 88.1

ISBN 978-601-7795-50-4

© ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ
САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ, 2016



«Үлкендердің әсері балалардың дамуына тиімді ықпал тигізуі үшін, ол әсер сыртқы әсер болмай, дамуға жетектейтін ішкі күш болуы керек»

Академик Т.Т. Тәжібаев

Үшіншісі – социализм кезеңінде туындаған ертегілер, бұларға социалистік өмір жетістіктері, сол дәуірдегі адамдардың тұрмыс-тіршілігі арқау болған.

Осы үш кезеңде ертегінің негізгі үш түрі қалыптасып дамыды:

- 1) қиял-ғажайып ертегілер;
- 2) хайуанаттар жайындағы ертегілер;
- 3) тұрмыс-салт ертегілер.

Профессор М.Ғабдуллин қазақ ертегілерін мазмұнына және әр түрлі ерекшеліктеріне қарай:

1. Қиял-ғажайып ертегілер;

2. Тұрмыстық ертегілер;

3. Хайуанаттар жайындағы ертегілер деп, - жіктемелесе, Ө.Қоңыратбаев қазақ ертегілерін тақырыбына қарай мынандай түрге бөледі:

- 1) мифологиялық (қиял-ғажайып) ертегілер.
- 2) хайуанаттар жайындағы ертегілер.
- 3) тұрмыс-салт ертегілер.

Жоғарыдағы қазақ ертегілерінің ерекшеліктерін көрсететін жіктемелер ең алдымен фольклортанушылар мен әдебиеттанушыларға, нақтырақ айтқанда, қазақ ертегілерін кәсіби тұрғыда зерттеу пәні ретінде қарастыратын ғылымдарға арналған.

Халықтың ауызекі шығармашылығының мүмкіндіктерін бала тәрбиесінде пайдалануды тек бүгінгі күннің мәселесі деп қарауға болмайды. Ол қайсібір кезеңдерде болмасын психология мен педагогика ғылымының зерттеу объектісінен түскен емес.

Мақсатсыз жұмыс – ең қызықсыз жұмыс. Сондықтан да балалардың қызығушылығын арттыру үшін, олардың немен айналысатынын және қандай нәтиже алатынын білу, сонымен қатар жұмыс мақсатының балаларға түсінікті болуы аса қажет. Балалар өздерінің бос уақытын мақсатты қолданып, өз қызығушылығын қанағаттандыру үшін, іс-әрекеттің әр түрімен шұғылданыуы тиіс.

Балалардың қызығушылығы танымдық қажеттіліктер негізінде пайда болады. Қажеттілік арқылы керек нәрсе анықталады, ал қызығу адамның белгілі бір объектіге немесе бір іс-әрекетке қатынасын көрсетеді. Яғни балалардың қызығушылығы танымдық әрекеттің қозғаушы күші болады.

Адамның кез-келген әрекеті белгілі себептен туындап, нақты мақсатқа жетуге бағытталған. Егер балалардың іс-әрекетінде себеп болмаса, ол белгісіз процеске айналуы мүмкін. Демек, қажеттілік пен қызығушылық баланы ынталандыруда негіз болады. Мысалы, бала ертегінің қажеттілігін сезінгенде ғана оның ертегіні тыңдауға деген қызығушылығы артады.

Қорыңдылай келе, психологиялық-педагогикалық зерттеулерге жасаған талдау ерте жастағы балалардың жас кезеңі, психологиялық ерекшеліктері қазақ халық ертегілерін танып-білуде өте қолайлы екендігін дәлелдейді және қызығушылықты қалыптастыруда мүмкіндігінің жоғары екендігін айғақтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеудің стандарты. Астана-2009.
2. «Біз мектепке барамыз» 5-6 жастағы балаларды оқыту және тәрбиелеуге арналған бағдарлама. Астана-2010.
3. Абуханова А. Танымдық белсенділікті қалыптастырудың педагогикалық ерекшеліктері. //Қазақстан мектебі, 2007 №2
4. Құнанбаев А. Қалың елім қазағым, өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. Алматы, Жалын, 1995.
5. Выготский Л.С. Развитие высших психических функций. Москва, Изд-во АПН, 1960
6. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. Алматы, Білім, 2003

7. Қазақ халық әдебиеті, Көп томдық / ҚазССР Ғылым акад. М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, Ертегілер /Жауапты шығарушы Т.Алпысбаев, Алматы, Жаушы, Т.1, 1986
8. Казахская народная поэзия (из образцов, собранных и записанных А.А.Диваевым), Алма-Ата, АН КазССР, Ин-т литературы и искусства им. МАУззова, 1964

*Ж.С. Сейітнұр
А.А. Лисова*

С.М. ЖАҚЫПОВТЫҢ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӘР ТҮРЛІ САЛАЛАРЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Отандық психологтар арасында психология ғылымының бірнеше саласына қомақты үлес қосқан ғалымдар көп емес. Соның бірі – психология ғылымдарының докторы, профессор С. М. Жақыпов. Оның психологияның әр түрлі салаларына қосқан мұраларын қайта қалпына келтіру (реконструкция) үшін ғалымның әр кезеңдегі ғылыми еңбектерінің тақырыптары мен маңызды еңбектеріне қысқаша талдау жасауды жөн көріп отырмыз. Ғалымның барлық еңбектерін егжей-тегжейлі толық қарастырмасақ та, ғылыми жұртшылық пен көпшіліктің назарын аударып, өнімді пікірсайысқа арқау болған бірқатар жұмыстарына арнайы тоқтала кетейік.

Қазақстандық психолог ғалымдар арасынан, әсіресе, отандық және таяу шетелдік ғалымдар тарапынан жиі сілтеме жасалынатын С.М. Жақыповтың екі іргелі ғылыми зерттеуін ерекше атауға болады. Мәселен, зерттеушілер жиі дәйексөз келтірілетін еңбектердің қатарына ғалымның «**Бірлескен іс- әрекеттегі мақсаттың құрылуы**» деп аталатын тақырыпта қорғалған психология ғылымы бойынша кандидаттық диссертациясы мен оның авторефератын [1-2] және «**Оқыту процесінің психологиялық құрылымы**» атты докторлық диссертациясын жатқызуға болады [3]. Бұл ізденістердің негізінде автордың бірқатар монографиялары жарық көрді: «Танымдық іс - әрекет психологиясы» [4], «Оқыту процесінің психологиялық құрылымы» [5]. Дәйексөздер индексі жоғары боп келетін бұл жұмыстар С.М. Жақыповтың зерттеулерінің құндылығын, оның Қазақстаннан тыс жерлерде де мойындалғанын көрсетеді.

Жалпы мақсатқұрылу үрдісін психология ғылымында жан- жақты зерттеген О.К. Тихомиров мектебі еді. Ойлаудың мағыналық теориясын жасаған О.К. Тихомиров пен оның ғылыми мектебінің өкілдері эмоция, мағыналық құрылым, тұлғалық сипаттамалар жағынан реттелінетін танымдық іс- әрекеттерді зерттеді. Зерттеудің жетекші принципі ретінде ойлауды тұлға тарапынан реттеуді алып талдай отыра интеллект пен аффектінің бірлігі идеясын тәжірибе жүзінде іске асырады. О.К.Тихомиров мектебінде ойлаудың зерттелуін бірлескен іс- әрекет барысында қарастырған және ары қарай дамытқан С.М. Жақыпов болды. Профессор О.К. Тихомировтың жетекшілігімен қорғаған «*Бірлескен іс-әрекеттегі мақсаттың құрылуы*» (1985) атты кандидаттық диссертациясында психологияда тұңғыш рет бірлескен іс- әрекеттің әр түрлі сатыларындағы мақсаттың құрылуы зерттелінді. Зерттеу пәні ретінде көрнекі- бейнелік және көрнекі- пәрменді типтегі интерактивті тапсырмаларды шешу жағдайында қалыптасатын екі сыналушының бірлескен іс-әрекетіндегі мақсаттың құрылуы алынды. Зерттеудің мақсаты лабораториялық эксперимент жағдайында екі сыналушының формасы жағынан псевдобірлескен және мазмұны жағынан тәжірибелік іс-әрекетті формасы бойынша бірлескен және мазмұны бойынша ойлаушы іс- әрекетке өзгеруі барысындағы мақсат құрылу процесін зерттеу болып табылды. Диада субъектілерінің қарым- қатынасы процесінде қалыптасатын «мағыналық құрылымның жалпы қоры» ұғымы эксперименттік түрде негізделді. Психологиялық шынайылық ретіндегі бірлескен

іс-әрекет диаланың қарым- қатынас барысында жүзеге асатын мағына құрылуы ортақ мақсат пен ортақ мотивті қалыптастыратын болса ғана мүмкін болады. Іс-әрекеттің бірлескендігінің белгісі боп қатысушылардың ортақ мотивтерінің болуы саналады. Бұл мотив бірден пайда болмайды, қайта бірте- бірте қалыптасады. Сондай- ақ мағыналық құрылымдар мақсат құрылу процесінің саналы өзгерістеріне әкелетіні, қалыптасатын мақсаттардың тиімділігін арттыратыны дәлелденді.

Жалпы психология ғылымында мақсаттың құрылуы адам ойлауындағы маңызды процесс ретінде қарастырылады. Тұлға іс- әрекетіндегі жаңа мақсаттардың пайда болуын зерттеуде бірқатар механизмдер бар. Олардың кейбіреуін атап өтсек: талаптың жеке дара мақсатқа айналуы, бар талаптарың біреуін таңдау, мотивтің саналы ұғынғанда мотив-мақсатқа айналуы, әрекеттің жанама нәтижелерінің мақсатқа айналуы, санасыз алдын ала сезудің мақсатқа айналуы, аралық мақсаттардың болуы, мақсаттың иерерхиясы мен уақыттық дәйектілігі. Мақсатқұрылудағы эмоция мен мотивтердің рөлі, нәтижеге жетуді бағалаудың әсерін бірлескен іс- әрекеттерде зерттеудің теориялық және практикалық маңызы үлкен.

М.В. Ломоносов атындағы МГУ -дің құрметті профессоры, психология ғылымдарының докторы С.М. Жақыповтың ғылыми жұршылыққа кеінен танымал тағы бір еңбегі - *«Оқыту процесінің психологиялық құрылымы»* атты монографиясы мен диссертациясы [3; 5]. Аталмыш диссертация мазмұны кіріспеден, 6 тараудан, қорытынды бөліктен және пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

Бірінші тарау оқыту процесінің тиімділік проблемасына арналады. Осы мәселеге қатысты ізденістерге тарихи шолу мен талдау жасалды. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негіздерін Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев және т.б. іс-әрекет теориясы принциптері, К.А. Абульханова-Славскаяның іс-әрекет субъектісі принципі, Б.Ф. Ломовтың таным процесін қарым-қатынас жағдайында зерттеу қағидасы, В.В. Давыдовтың дамыта отырып оқыту теориясы қағидалары, В.В. Рубцовтың оқу іс-әрекетін ұжымдық тұрғыда бөлуді ұйымдастыруға негізделген қағидасына және т.б. кеңестік-ресейлік зерттеушілердің тұжырымдамалары құрайды. С.М. Жақыповтың пікірінше, оқыту процесінің тиімділігі көрсеткіші оқытушы мен оқушының арасында қалыптасатын бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекет болмақ. Ал оның дамуындағы жоғарғы деңгей қатысушы субъектілердің бірлескен ойлау іс-әрекетке ие болуы. Екінші тарау бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекетті эксперименттік зерттеуге арналады. Үшінші тарауда бірлескен ойлау іс-әрекетінің қалыптасу процесін зерттеудің қорытындылары сөз болады. Ал төртінші тарау әр түрлі қарым-қатынас жағдайындағы бірлескен ойлау іс-әрекетін зерттеу нәтижелерін талдауға арналған. Вербалды және бейвербалды қарым-қатынас барысындағы бірлескен ойлау іс-әрекетінің құрылымдануы қадағаланады. Бесінші тарау эксперименттік зерттеу нәтижелеріне сүйене отыра оқу процесін тиімді басқару мәселесіне арналады. Соңғы 6-тарау бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекет концепциясының жаңа түсіндіру мүмкіндіктеріне арналады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы, автордың пайымдауынша, алғаш рет оқыту процесі көп деңгейлі психологиялық жүйе реінде қарастырылады және оның тиімділігін оқытушы мен оқушының бірлескен танымдық іс-әрекеті қалыптасуы мен дамуы анықтайды.

Профессор С.М. Жақыповтың *«Оқыту процесінің психологиялық құрылымы»* атты зерттеу еңбегінің өзектілігі оқыту процесінің тиімділігін психологиялық қамтамасыз етумен байланысты. Зерттеуші алғаш рет оқыту процесін көп деңгейлі психологиялық жүйе ретінде қарастырады. Оның тиімділігінің негізі оқытушы мен оқушының бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекетінің қалыптасуы және дамуы боп табылады. Ұсынылып отырған оқыту процесін талдаудың тұжырымдамалық үлгісі бұрын белгілі болған технологиялардан экологиялық сәйкестілігі жағынан тиімді ерекшеленеді және оқытудың жаңа ақпараттық технологиясын жасауға мүмкіндік беріп отыр.

Зерттеуші бірлескен ойлау іс-әрекетінің мотивтері, мақсаттары мен мағыналарының қалыптасуы мен дамуының психологиялық механизмдері табиғатын қатаң бақыланатын

лабораториялық эксперимент жағдайында, тек белгілі күрделілік дәрежесі бар интерактивтік міндеттер сериясын көрсетіп қана қоймай, сондай-ақ сананың вербалдық және бейвербалдық деңгейінде оларды шешу процесі мен нәтижесін тіркеуге мүмкіндік беретін арнайы құрастырылған құрылғы көмегімен ашып көрсетті. Зерттеуде алынған нәтижелер авторға бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекет концепциясын тұжырымдауға мүмкіндік берді. Оның негізінде оқыту процесінің психологиялық құрылымын зерттеу циклдері жүргізілді. Осы зерттеулер нәтижесінде оқыту процесіндегі оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің мейлінше жоғары тиімділігіне жету үшін қажет әрі жеткілікті психологиялық-дидактикалық шарттар анықталынды. Оқыту процесінің тиімділігін психологиялық қамтамасыз ететін бірнеше бөліктерден тұратын жүйе жасалынды: 1) проблемалық, депривациялық, микро-жағдаяттық, ретроспективтік және үзілмелі диалогтар әдістемелері кешені; 2) танымдық іс-әрекетті диагностика жасауға мүмкіндік беретін экспресс әдістеме; 3) оқыту процесін басқарудың ақпараттық жүйесін; 4) оқытудың автоматтыңдырылған тиімді технологиясы.

Зерттеушінің арнайы бөліп көрсеткен бірлескен танымдық іс-әрекеті, яғни жаңа психологиялық болмыс танымдық іс-әрекеттің психологиялық табиғатына өзгеше тұрғыдан қарауға мүмкіндік берді.

С.М. Жакыповтың докторлық диссертациясы мазмұны 2004 жылы Алматы қаласындағы «Қазақ университеті» баспасында «Оқыту процесінің психологиялық құрылымы» деген атпен жарық көрді [5]. Бұл кітап білім беру психологиясы саласындағы мамандар үшін өте қажетті құрал болды. Мұнда оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекеттің тиімділігін арттыру мәселесі терең қарастырылған.

С.М.Жакыпов «Оқыту процесінде студенттердің танымдық іс-әрекетін басқару» (2002) деген келесі бір кітабында оқыту процесіндегі студенттердің танымдық іс-әрекетінің қалыптасуы мен дамуының психологиялық механизмдері ашып көрсетеді [6]. Эксперименттік және эмпирикалық зерттеу негізінде студенттердің танымдық белсенділігін басқару тәсілдері мен құралдары, оқытудың тиімділігін арттыру мәселелері арнайы қарастырылған. Кітапта автор оқытуды ерекше жүйе ретінде қарастырды. Танымдық іс-әрекетін - ерекше психологиялық феномен, оның негізінде танымдық процестер қалыптасады, дамиды, жетіледі, әрі психикалық күй өзгереді. Психологияның зерттеу пәні мен нысанына сай: психикалық, яғни танымдық, эмоциялық-сезімдік, ерік-жігер процестерінің дамуынан, психикалық қасиеттері мен сапаларының, психикалық күйлердің және жаңа психикалық құрылымның қалыптасуынан құралады. С.М.Жакыпов бұл еңбегінде студент тұлғасының қалыптасу мәселесіне ерекше тоқталып, оны оқушының танымдық іс-әрекетімен ұштастыра көрсетті. Оқу үрдісінде оқытушыға да, оқушыға да «жеке адам» деп қарау міндетті түрде қажет. Оқытушының студенттер алдындағы беделі, оның өз пәнін жүргізу тәсілінің тиімділігі бағдарлау, оқу үрдісінің жалпы сәттілігін қамтамасыз етеді. С.М.Жакыповтың осы «макро» деңгейден «микро» деңгейге көшу жеке адамның іс-әрекет жүйесін анықтайды. Танымдық белсенділік – оқушылардың негізгі іс-әрекеті, күрделі құбылыс. Ол оқу міндеттерінің шешіліп, мақсаткерлік мотив, танымдық ақпаратты қабылдаудан бастап күрделі шығармашылық процестің қалыптасуымен аяқталатын түрлі сезімдік көріністермен және т.б. сипатталады. Кітапта оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекеттің тиімділігінің әлеуметтік-психологиялық шарттары мен тетіктері зерттелінген. Оқыту процесінің тиімділігін анықтайтын факторлардың бірі оқытушы мен оқушының арасындағы *бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекет* екендігі негізделеді. Сондай-ақ бұл жұмыста белсенді оқыту әдістерінің де мазмұны толық ашылады.

Жалпы студенттердің оқу әрекетінің психологиясы, танымдық іс-әрекеті С.М. Жакыповтың ғылыми мектебінде ары қарай жалғасын табады. Ол зерттеулерде болашақ мамандардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру мен дамытудың механизмдері анықталады. Ғалымның жасаған зерттеу тұжырымдамалары оқытудың психологиялық құрылымын, теориялық-әдіснамалық негіздерін жете дәйектеп, бірегей ғылыми

ұстанымды көрсетеді. С.М. Жақыпов – жоғары мектептің оқу процесіне жүйелі психологиялық талдау жасаған тұңғыш зерттеуші. Қысқасы, студенттердің танымдық іс-әрекетін жетілдірудің, жоғары білім беру тиімділігін арттырудың негізгі шарттары мен кешенді құралдары профессор С.М. Жақыповтың еңбектерінде негізделіп, жете тұжырымдалған. С.М. Жақыповтың теориялық-эксперименттік зерттеулерінде, іс-тәжірибесін таратуда бірлескен диалогтік-танымдық іс-әрекет оқу процесінің құрылымындағы жүйе ұйыстырушы фактор болатындығы, оқу әрекетінің, оқытудың тиімділігін анықтайтыны жан-жақты зерттеледі.

С.М. Жақыпов Қазақстандағы педагогикалық психология саласының дамуына өлшеусіз үлкен үлес қосты. Бір кездері Қазақстанда психология саласында небәрі 2 ғылым докторы және бірнеше ғылым кандидаттары ғана болатын. Психология ғылымы саласында ғылыми зерттеу ісімен айналысқысы келетін жандар үшін ғылыми жетекшілік ететін адам табудың өзі мұң болды. Жоғары білікті психолог кадрларға деген тапшылық өте күшті білінді. Міне, осындай жағдайда С.М. Жақыповтың Алматыға ауысуы отандық психология ғылымы үшін үлкен бір жәрдем болды. Психология ғылымы бойынша диссертациялық кеңестер жұмыс істей бастады. Алайда психологиядан докторлардың саны әлі де мардымсыз еді. 1999 жылы 12 қаңтарда елімізде докторлық кеңестің болмауы себепті, егемен Қазақстанның алғашқы өкілі ретінде С.М. Жақыпов көрші Ресейдің РБА Психология институтында «Оқыту процесінің психологиялық құрылымы» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғайды. Бұл жұмыс бір мезгілде екі мамандық : 19.00.01.- жалпы психология және 19.00.07. - педагогикалық психология бойынша қорғалды. Соның арқасында Қазақстанда психология ғылымы бойынша докторлық диссертациялық кеңес ашуға мүмкіндік туды.

С.М. Жақыповтың қаламынан педагогикалық психология мәселелеріне қатысты қазақ және орыс тілінде бірнеше еңбектері жарық көрді [4-6; 7-8]. Солардың ішінен маңыздыларын атап өтсек: «Мектептегі психологиялық қызмет» (Н.К. Кажитаевамен бірлесіп, 1989), «Танымдық іс- әрекет психологиясы» (1992), «Оқыту процесінің психологиялық құрылымы» (2004), «Білім беру жүйесінде қолданылатын психодиагностикалық тесттер: оқу-әдістемелік құрал» (Ф. Бизаковамен бірлесіп, 2006), «Оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекет психологиясы» (2008) және т.б. Бұлардың бәрі бүгінгі білі беру жүйесінде кең қолданылып жүр.

1. Джакупов С.М. Целеобразование в совместной деятельности. Текст.: Дисс. канд. психол. наук / С.М. Джакупов. М.,1985. - 210 с.
2. Джакупов С.М. Целеобразование в совместной деятельности / Автореф. дис... канд.психол. наук. М., 1985. - 22 с.
3. Джакупов Сатыбалды Мукатаевич. Психологическая структура процесса обучения: Дис...д-ра.психологических наук.- М., 1998.- 356 с.
4. Джакупов С.М. Психология познавательной деятельности. -Алма-Ата, 1992. - 195 с.
5. Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 312 с.
6. Джакупов С.М. Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения. Алматы: Қазақ университеті, 2002. - 117 с.
7. Жақыпов С.М., Бизакова Ф. Білім беру жүйесінде қолданылатын психодиагностикалық тесттер: оқу-әдістемелік құрал. - Тараз: Сенім, 2006. - 448 б.
8. Жақыпов С.М. Оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекет психологиясы. – Алматы: "Алла прима", 2008.- 216 б.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ЭТНОПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ұлттық рухы құрып кетуге аз-ақ қалған қазақ ұлты үшін этнопсихологиялық зерттеулер ерекше маңызды мәселе болып табылады. Тоталитарлық жүйеден қатты әлсіреп шыққан қазақтың «халықтық рухы» қайтадан көтеріліп, өзіне тән бейнесін қайта табуы бәрімізге мәлім. Біз полиэтникалық мемлекетте мәдениеттің көп түрлілігін және олардың бір-біріне ықпалын, мұндай жағдайда таза жеке этнос мәдениеті болмайтынын мойындай отыра, тұрғылықты қазақ ұлтының төл мәдениетінің орнын ерекше бөліп көрсетуіміз керек.

Қазақ елі егеменді елдігін мен тәуелсіздігін жариялағаннан кейін этнос, халық, ұлт психологиясының сан салалы мәселелері жайлы зерттеулер көзге түсе бастады. Қазақстан секілді көптеген ұлт өкілдері мекендеген елде этностық психологиямен үнемі санасып отыру аса маңызды. Мәселен, әр түрлі этностар мен халықтардың ұлттық мүдделерін қорғау, олардың әр қайсысының дәстүр-салты мен әдет-ғұрпына ұқыптылықпен қарау, ұлттық қарым-қатынастарда шиеленістерді болдырмау, осы айтылғандарды ғылыми негізде зерттеу, яғни экстремизм мен шовинизмнің, ұлтшылдық пен нәсілшілдіктің, этностық кемсітушіліктің, кез-келген көріністеріне жол бермеу үшін, этнопсихикалық зерттеулерді ерекше жандандыру қажет.

Қазіргі уақытта біздің полиэтностық қоғамда өтіп жатқан экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени, демографиялық және басқа да іс-әрекеттер елімізде өмір сүріп жатқан барлық халықтардың ұлттық сана-сезімдерінің көтерілуімен түсіндіріледі. Жеке бір адамның және этностың, этностық өзіндік санасының деңгейі, көп ұлтты қоғамның әлеуметтік-психологиялық хал ахуалын белгілі бір мәнді дәрежеде анықтайды. Этностық өзіндік сананың құрылымы, этностық эдентификация, өз «менін» бастан кешіруі, әсерленуі, өзіндік қатынасты белсендіру, этнорухани мәдениетке, ұлттық тілге, халық творчествосына, дініне, әдет-ғұрпына, мәдениетіне деген психологиялық орнықтылық сияқты белгілермен анықталады.

Этнопсихология элементтерінің халықтар өмірінде және олардың басқа ұлттармен қарым-қатынасында маңызы зор. Оны бүгінгі тарихтан, ұлттар мен халықтардың мәдени даму кезеңдерінен, олардың өзара қарым-қатынасынан байқауға болады. Шын мәнінде, халық идеялары, қызығуы, құндылықтары, түсініктері, сезімдері этностық қауымды біріктіреді. Олардың тарихи үрдістің субъектілері деп қарауға болады. Мәдени дамуға және этномәдени қауыммен қарым-қатынасқа өз ықпалын тигізетінін де осы реттен еске аламыз. Сондықтан, этнопсихологияның мақсаты мен қызметі гуманитарлық ғылымдардың қызуғушылығын туғызады. Бірақ қаншалықты қызуғушылық болғанымен, этнопсихологияның көрінісі мен мазмұнын әлі де, жан-жақты, жүйелі, жеткілікті зерттелмеген, осыған қарамастан, этнопсихологияның да, өзіндік тарихы, даму бел-белестері бар.

Ал, енді Қазақстандағы этнопсихология ғылымының даму кезеңіне мән берсек, 18 ғасырдағы қазақтың атақты билері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы басқа ұлы мұрагерлері қалдырған этнопсихологиялық көзқарастары қазіргі уақыттың өзінде маңызын мағанасын жойған жөн.

Бұлардан бұрын өмір сүрген ғұлама ғалымдарымыз Әбу-Насыр Әл-Фараби әртүрлі халықтардың тілі, мінезі мен әдет-ғұрпы туралы, ал Ж.Баласағұн, М.Қашқари, С.Сарай халықтың ұлттық мінезі туралы жазған. Қазақтың ақын-жыраулары Асан қайғы, Шал, Қазтуған, Дулат және тағы басқалардың көшпелі халықтың мінезі жайлы толғау өсиеттерінен кейбір этнопсихологиялық сұрақтардың жауабын табуға болады.

Айталық ұстаз қаламгер Ж.Аймауытов 1926 жылы Ташкентте жарық көрген «Психология» атты кітабында «төңіректегі табиғат шарттары оған (адамға) зор сүрен

ұстанымды көрсетеді. С.М. Жақыпов – жоғары мектептің оқу процесіне жүйелі психологиялық талдау жасаған тұңғыш зерттеуші. Қысқасы, студенттердің танымдық іс-әрекетін жетілдірудің, жоғары білім беру тиімділігін арттырудың негізгі шарттары мен кешенді құралдары профессор С.М. Жақыповтың еңбектерінде негізделіп, жете тұжырымдалған. С.М. Жақыповтың теориялық-эксперименттік зерттеулерінде, іс-тәжірибесін таратуда бірлескен диалогтік-танымдық іс-әрекет оқу процесінің құрылымындағы жүйе ұйыстырушы фактор болатындығы, оқу әрекетінің, оқытудың тиімділігін анықтайтыны жан-жақты зерттеледі.

С.М. Жақыпов Қазақстандағы педагогикалық психология саласының дамуына өлшеусіз үлкен үлес қосты. Бір кездері Қазақстанда психология саласында небәрі 2 ғылым докторы және бірнеше ғылым кандидаттары ғана болатын. Психология ғылымы саласында ғылыми зерттеу ісімен айналысқысы келетін жандар үшін ғылыми жетекшілік ететін адам табудың өзі мұң болды. Жоғары білікті психолог кадрларға деген тапшылық өте күшті білінді. Міне, осындай жағдайда С.М. Жақыповтың Алматыға ауысуы отандық психология ғылымы үшін үлкен бір жәрдем болды. Психология ғылымы бойынша диссертациялық кеңестер жұмыс істей бастады. Алайда психологиядан докторлардың саны әлі де мардымсыз еді. 1999 жылы 12 қаңтарда елімізде докторлық кеңестің болмауы себепті, егемен Қазақстанның алғашқы өкілі ретінде С.М. Жақыпов көрші Ресейдің РБА Психология институтында «Оқыту процесінің психологиялық құрылымы» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғайды. Бұл жұмыс бір мезгілде екі мамандық : 19.00.01.- жалпы психология және 19.00.07. - педагогикалық психология бойынша қорғалды. Соның арқасында Қазақстанда психология ғылымы бойынша докторлық диссертациялық кеңес ашуға мүмкіндік туды.

С.М. Жақыповтың қаламынан педагогикалық психология мәселелеріне қатысты қазақ және орыс тілінде бірнеше еңбектері жарық көрді [4-6; 7-8]. Солардың ішінен маңыздыларын атап өтсек: «Мектептегі психологиялық қызмет» (Н.К. Кажитаевамен бірлесіп, 1989), «Танымдық іс- әрекет психологиясы» (1992), «Оқыту процесінің психологиялық құрылымы» (2004), «Білім беру жүйесінде қолданылатын психодиагностикалық тесттер: оқу-әдістемелік құрал» (Ф. Бизаковамен бірлесіп, 2006), «Оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекет психологиясы» (2008) және т.б. Бұлардың бәрі бүгінгі білі беру жүйесінде кең қолданылып жүр.

1. Джакупов С.М. Целеобразование в совместной деятельности. Текст.: Дисс. канд. психол. наук / С.М. Джакупов. М.,1985. - 210 с.
2. Джакупов С.М. Целеобразование в совместной деятельности / Автореф. дис... канд.психол. наук. М., 1985. - 22 с.
3. Джакупов Сатыбалды Мукатаевич. Психологическая структура процесса обучения: Дис...д-ра.психологических наук.- М., 1998.- 356 с.
4. Джакупов С.М. Психология познавательной деятельности. -Алма-Ата, 1992. - 195 с.
5. Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 312 с.
6. Джакупов С.М. Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения. Алматы: Қазақ университеті, 2002. - 117 с.
7. Жақыпов С.М., Бизакова Ф. Білім беру жүйесінде қолданылатын психодиагностикалық тесттер: оқу-әдістемелік құрал. - Тараз: Сенім, 2006. - 448 б.
8. Жақыпов С.М. Оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекет психологиясы. – Алматы: "Алла прима", 2008.- 216 б.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ЭТНОПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ұлттық рухы құрып кетуге аз-ақ қалған қазақ ұлты үшін этнопсихологиялық зерттеулер ерекше маңызды мәселе болып табылады. Тоталитарлық жүйеден қатты әлсіреп шыққан қазақтың «халықтық рухы» қайтадан көтеріліп, өзіне тән бейнесін қайта табуы бәрімізге мәлім. Біз полиэтникалық мемлекетте мәдениеттің көп түрлілігін және олардың бір-біріне ықпалын, мұндай жағдайда таза жеке этнос мәдениеті болмайтынын мойындай отыра, тұрғылықты қазақ ұлтының төл мәдениетінің орнын ерекше бөліп көрсетуіміз керек.

Қазақ елі егеменді елдігін мен тәуелсіздігін жариялағаннан кейін этнос, халық, ұлт психологиясының сан салалы мәселелері жайлы зерттеулер көзге түсе бастады. Қазақстан секілді көптеген ұлт өкілдері мекендеген елде этностық психологиямен үнемі санасып отыру аса маңызды. Мәселен, әр түрлі этностар мен халықтардың ұлттық мүдделерін қорғау, олардың әр қайсысының дәстүр-салты мен әдет-ғұрпына ұқыптылықпен қарау, ұлттық қарым-қатынастарда шиеленістерді болдырмау, осы айтылғандарды ғылыми негізде зерттеу, яғни экстремизм мен шовинизмнің, ұлтшылдық пен нәсілшілдіктің, этностық кемсітушіліктің, кез-келген көріністеріне жол бермеу үшін, этнопсихикалық зерттеулерді ерекше жандандыру қажет.

Қазіргі уақытта біздің полиэтностық қоғамда өтіп жатқан экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени, демографиялық және басқа да іс-әрекеттер елімізде өмір сүріп жатқан барлық халықтардың ұлттық сана-сезімдерінің көтерілуімен түсіндіріледі. Жеке бір адамның және этностың, этностық өзіндік санасының деңгейі, көп ұлтты қоғамның әлеуметтік-психологиялық хал ахуалын белгілі бір мәнді дәрежеде анықтайды. Этностық өзіндік сананың құрылымы, этностық эдентификация, өз «менін» бастан кешіруі, әсерленуі, өзіндік қатынасты белсендіру, этнорухани мәдениетке, ұлттық тілге, халық творчествосына, дініне, әдет-ғұрпына, мәдениетіне деген психологиялық орнықтылық сияқты белгілермен анықталады.

Этнопсихология элементтерінің халықтар өмірінде және олардың басқа ұлттармен қарым-қатынасында маңызы зор. Оны бүгінгі тарихтан, ұлттар мен халықтардың мәдени даму кезеңдерінен, олардың өзара қарым-қатынасынан байқауға болады. Шын мәнінде, халық идеялары, қызығуы, құндылықтары, түсініктері, сезімдері этностық қауымды біріктіреді. Олардың тарихи үрдістің субъектілері деп қарауға болады. Мәдени дамуға және этномәдени қауыммен қарым-қатынасқа өз ықпалын тигізетінін де осы реттен еске аламыз. Сондықтан, этнопсихологияның мақсаты мен қызметі гуманитарлық ғылымдардың қызуғушылығын туғызады. Бірақ қаншалықты қызуғушылық болғанымен, этнопсихологияның көрінісі мен мазмұнын әлі де, жан-жақты, жүйелі, жеткілікті зерттелмеген, осыған қарамастан, этнопсихологияның да, өзіндік тарихы, даму бел-белестері бар.

Ал, енді Қазақстандағы этнопсихология ғылымының даму кезеңіне мән берсек, 18 ғасырдағы қазақтың атақты билері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы басқа ұлы мұрагерлері қалдырған этнопсихологиялық көзқарастары қазіргі уақыттың өзінде маңызын мағанасын жойған жөн.

Бұлардан бұрын өмір сүрген ғұлама ғалымдарымыз Әбу-Насыр Әл-Фараби әртүрлі халықтардың тілі, мінезі мен әдет-ғұрпы туралы, ал Ж.Баласағұн, М.Қашқари, С.Сарай халықтың ұлттық мінезі туралы жазған. Қазақтың ақын-жыраулары Асан қайғы, Шал, Қазтуған, Дулат және тағы басқалардың көшпелі халықтың мінезі жайлы толғау өсиеттерінен кейбір этнопсихологиялық сұрақтардың жауабын табуға болады.

Айталық ұстаз қаламгер Ж.Аймауытов 1926 жылы Ташкентте жарық көрген «Психология» атты кітабында «төңіректегі табиғат шарттары оған (адамға) зор сүрен

МАЗМҰНЫ

Жарыкбаев К.Б. Ж. Аймауытов и его в становлении Т.Т. Тажибаева как ученого психолога (1926-1929)	
Перленбетов М.А., Лактионова С.Н., Абдихадирова Н.А., Кунанбаева М.Н. «Мәңгілік ел» бағдарлама аясында оқытуды үш тілде жүргізудің тәжірибесі	
Молдабеков Ж.Ж. Мәңгілік Ел: басалқы бастаулары, идеялық ұстанымдары, пәнаралық бағдары	
Сейітнұр Ж.С. Т. Тәжібаев пен С.М. Жақыповтың еліміздегі психология ғылымының институционалдануына қосқан үлестері	
Сабырұра Ж.Н., Оңайбай А. Профессор Қ.Б.Сейталиевтің психологиялық мұрасы	
Өскенбай Ф.С., Қалымбетова Э.К., Төлегенова А.А., Адилова Э.Т., Қосшығұлова А.С. Интернет-тәуелділіктің зерттелу тарихы	
Vizhanova A.A. Psychological views of Mashkhur Zhusup Koryuev	
Ибраева М.Қ. Ерте жастағы балаларда танымдық қызығушылығын дамытуда халық ертегісінің рөлі	
Сейітнұр Ж.С., Лиясова А.А. С.М. Жақыповтың психология ғылымының әр түрлі салаларына қосқан үлесі	
Сейдрахманова Р.И. Қазіргі білім мен тәрбие берудегі этнопсихология ғылымының негізгі мәселелері	
Адилова Э.Т., Болтаева А.М., Надырбекова Э.А., Бегимжанова Г.А. Этностық сәйкестіліктің (бірдейлік) психологиялық ерекшеліктері	
Niyazova A.E., Kamzanova A.T. The Psychology of Wellbeing of the Higher Education System in Kazakhstan	
Бердибаева С.К., Гарбер А.И., Садықова Н.М., Болтаев А.Д., Абдигалиева С.Д., Сыздықова А.Е. Факторы, влияющие на психическое здоровье студентов Ағыбай Қ.Е. Отбасы тәрбиесінің педагогикалық-психологиялық негіздері	
Әбдіғапбарова Ұ.М., Байкулова А.М. Жасөспірімдік кезеңдегі лидерліктің көріну ерекшеліктері	
Байкулова А.М. Жасөспірімдік кезеңде лидерлік қасиетті өзін-өзі басқару негізінде дамыту	
Камзанова А.Т., Садықова А.Т. Особенности сотрудничества высшего профессионального образования с работодателями при подготовке специалистов-психологов	
Касымова Г.М. О стратегии компетентностного подхода в подготовке психологов	
Приленский Б.Ю., Приленская А.В. Психическое здоровье студентов	
Приленский Б.Ю., Приленская А.В., Файзуллина А.К. Психология в системе высшего медицинского образования	
Абетаева Е.А. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары	
Парманов А.У. Влияние художественной литературы на мотивационную сферу читающих	
Сангилбаев О.С., Хажимхаан А. Үлгерімі төмен оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге баулу	
Сангилбаев О.С., Құсаинова Н.М., Сангилбаева А. Маманды дамытуда акмеологиялық ғылыми-әдіснамалық бағыттар	
Есендікова Н.А., Ахтаева Н.С. Родительство как психологический феномен	
Аязбекова Р.А., Ким А.М. Профессиональная подготовка военных психологов в формате компетентностного подхода	
Ким А.М., Айдосова Ж.К. Концепция самопонимания в психологии	

	Искакова М.С., Жолдасбеков А.А., Диагностика эмоциональных феноменов в семье	91
4	Колесникова О.А., Барикова А.Р., Сабирова Р.Ш., Капбасова Г.Б. Исследование уровня виктимности и образа преступника у женщины	95
5	Имашева А.Б., Ким А.М. Психологические различия принятия финансовых решений	99
9	Ташимова Ф.С., Ризулла А.Р., Мадьярова З.И. Влияние инновационных технологий на стиль совладающего поведения магистрантов	102
13	Баймолдина Л.О., Дүйсенбеков Д.Д., Қалымбетова Э.К., Жолдасова М.К. Репатриант-студенттердің оқу процесіне бейімделуінің педагогикалық-психологиялық негізі	106
16	Әмірова Б.Ә. Жоғары оқу орындарында студенттердің кәсіби—бағдарлы іс-әрекетке психологиялық дайындық мәселесі	109
19	Садықова Н.М., Жұбаназарова Н.С., Болтаева А.М. Жоғары оқу орындарында студенттерді оқытудағы психологиялық ерекшеліктері	113
23	Акажанова А.Т. Тергеу қызметінің психологиялық ерекшеліктері	116
25	Кудушева Н.А., Дүйсенбаева А.О. Жеткіншектердің ауытқы мінез-құлық мәселесінің психологиялық сипаты	120
29	Ташимова Ф.С., Ризулла А.Р., Борбасова Г.Н. Технологии психологической защиты в теории Хорни К.	123
33	Марданова Ш.С., Байдрахманова А.К. Проблемы семьи на ранней стадии развития	127
35	Жолдасова М.К., Қалымбетова Э.К., Баймолдина Л.О. Оқушылардың креативті ойлауының психологиялық ерекшеліктері	131
39	Бағыбаева М.И., Құлымбаева А.К., Оразғалиева Ә.А. Отбасындағы ажырасу жағдайының жасөспірімнің тұлғалық сферасына тигізер әсері	135
43	Уақасова М.Б., Құлымбаева А.К., Жұмабекова Ү. Жасөспірімдердегі көрініс алатын шизофренияның теориялық аспектілері	138
47	Қалымбетова Э.К., Дүйсенбеков Д.Д., Баймолдина Л.О., Жолдасова М.К., Оспанова А.Ш. Басқару жүйесінің теориялық-психологиялық негізі	142
50	Қалымбетова Э.К., Дүйсенбеков Д.Д., Баймолдина Л.О., Жолдасова М.К., Арыстан Қ.С. Жетім балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуінің психологиялық ерекшеліктері	146
53	Аймағанбетова О.Х., Гаврилкова К.В., Сатыбалдина Н.К. Социально-психологическое исследование основных структурных компонентов религиозной идентичности	152
60	Жубаназарова Н.С., Садықова Н.М., Әукен Ж.Т., Момбек Т.Қ. Қабілет-кіші мектеп жасындағы балалардың шығармашылық жеке адам ретінде дамудың негізі ретінде	156
64	Турсунгожинова Г.С. Социально-психологические особенности дезадаптивного поведения подростков	159
69	Абишева Ш.Ш., Қошқимбаева Р.Х. Креативтілік пен шығармашылық мәселесі психологиялық зерттеулерде	163
71	Magzumova N.K. Development of professional thinking of students of psychologists	166
75	Мұратбекова А.Р. Баланың мектепте оқуға бейімделуіне ата-ана ықпалының психологиялық маңыздылығы	170
77	Әлімбаева Ә.С., Тұрдалиева Ш.Т., Қошқарбаева Г.Т. Толық күнді мектеп жағдайында шығармашыл тұлға қалыптастырудың психологиялық маңыздылығы	172
79	Сарбасова В.Н., Максим Г.Б. Особенности творческого воображения у подростков	175
83		
86		
89		